Жансейіт ТҮЙМЕБАЕВ,
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
Басқарма Төрағасы-Ректор

ЖЫРДАРИЯ ЖҰЛДЫЗЫ

Ұлы Даламызда ұлттық сөздің туын көтерген тұлғалар аз болған жоқ. Арғы кезеңнен жеткен жыраулық сарын мен ақындық айдынды екі қоғамдық формацияның кезеңінде ара жігін білдірмей, сөз жүйесін бүлдірмей, түгел сөздің түбі бір қасиетін барынша көрсеткен ұлы жырау-ақын Жамбылдың даңқы қазақ халқының мерейі мен мәртебесі болды. Сыналар жерге келгенде санадан сөз суырып, елдің еңсесін, тыңдаушының танымын биікке көтерген Жамбылдың әр кезеңдегі мерейтойлары халықтық қазына ретінде аталып келеді. Ұрпақтар сабақтастығын ұлы өнерімен жалғаған жыраудың соңында қалдырған мол мұрасы қай кезде де ұлтымыздың рухани қазынасы екені даусыз. Сондықтан Жамбыл туралы сөз – қазақ сөзінің қасиеті туралы сөз.

Тәуелсіздігіміздің салтанатты 35 жылдық мерекесі қарсаңында аталып өтер үлкен игі-шараның бірі – жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың 180 жылдық мерейтойы. Жыр дүлдүлі Жамбыл Жабаевқа деген қазақ халқының шексіз құрметін, ыстық ықыласы мен ілтипатын тәуелсіздік идеясы тұрғысынан қайта сараптап, зерделеудің уақыты келді. Ақын қалдырған атақты әдеби мұралардың алтын арқауын саралағанда, олардың өн бойынан азаттық ойдың ұшқыны айқын көрінеді.

Жамбыл ақындығының танымдық-тағылымдық жоғарғы мәні сол – ол бүгін де бізбен бірге. Ол біз үшін өнерге, жалпы ұлтқа талмай қызмет етудің мәңгі жасайтын үлгісі болып қала береді. Тұңғыш Президент – Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев ұлы жырау жайлы былай деген еді: «Егер біз Жамбыл даналығын тәу етіп, ұлылығын ұлағат тұтып жатсақ, оның себебі, Жамбыл арманының адамзаттық арман-аңсарымен ұласып жатқандығында. Сондықтан да, қазақтың Жамбылына адамзаттың - Жамбылы ретінде құрмет көрсетіп, өлмес рухының алдында басымызды иеміз. Қазақ халқы барда, оның тілі мен діні аман тұрғанда, адалдық пен адамдықтың, әділеттілік пен ізгіліктің жаршысы – Жамбыл да мәңгі жасай бермек». Осынау парасатты пайымның халықтық тұжырым болып қабылдануына толық негіз бар.

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың 2021 жылы 5 қаңтарда жарияланған «Тәуелсіздік бәрінен қымбат» атты мақаласында айтылған ұлттық құндылықтарды таным мен тағылым тұрғысынан бағамдап, келешек ұрпаққа сақтап жеткізу туралы ойларымен де тұспа-тұс келіп отыр. Жырау шығармашылығындағы

көтерілген негізгі идея ел бірлігі мен тұтастығын жырлау екендігі айқын. Осы тұрғыдан алып қарағанда қуатты, тегеурінді жыр алыбы Жамбылдың шығармалары тәуелсіз Қазақстанның жасампаз істерімен үндесіп жатыр.

Ақынның мерейтойларында әр бес жыл сайын жамбылтану саласындағы жетістігіміз бен кемшілігімізді сараптап, бағыт-бағдарымызды анықтап алу дәстүрімізге айналып келеді. Сондай атаулы күндердің әрқайсысында Жамбылдың аты асқақтап, халқымыздың мәртебе-мерейі жаңа бір биікке көтерілгендей болады. Ұлы ақынымыздың асыл мұрасы өткен ғасырда кеңестік идеология құрсауында қараусыз қалмай, тәуелсіз ұрпақпен бірге жасайтын мәңгілік қазынаға айналғанына уақыт куә болуда. Сондай-ақ ақын туындыларының қадір-қасиеті өз елімізбен шектеліп қалмай, дүниежүзінің елуге тарта халқының тіліне аударылып, әлем әдебиетінің алтын қорына қосылуы жұртымыздың жақсы атын жер-жаһанға таныта түсуде.

Жамбыл Жабаев – суырып салма өлеңнің де, толғау өлең, қысқа эпиграмма, экспромт, эпикалық дастан шығарудың да шебері. Ол халқымыздың рухани дүниесіне қуатты да өміршең жырлары арқылы мәңгі өшпес үлес қосты. Ақын шығармаларына ден қойсақ, оның кер замандағы теңсіздікті күйіне сөз еткенін байқаймыз. Жыр алыбы қарапайым халықтың ауыр тұрмысына аяныш білдірді, ел тағдырына алаңдады. Әділдікті, адалдықты, адамдықты, оған қоса ерлікті, бірлікті уағыздады. Жалғандық пен опасыздықты, жалпы халық мүддесіне жат нәрсенің қандайын болса да ащы әжуа, алмастай кесіп түсетін мысқылмен аяусыз шенеп отырды. Сөйтіп, ол тәуелсіздік идеясын, адамгершілік, ар-ождан мәселелерін ту ғып көтерді.

Жамбыл Жабаев шығармашылығының басты тақырыптық өзегі – адам мен заман. Сол дәуірде өмір сүрген замандастарының жақсылығы мен жамандығын, адамдығы мен надандығын, адалдығы мен арамдығын сарапқа салып, үлкен философиялық ой түйіндеулер жасай білген. Уақыт өлшеміне салып адам баласының әрбір жасаған ісіне түптің түбінде бір жауаптың бар екендігін ақын тебірене отырып толғайды. Сондықтан да жырау болмысына терең бойлап бағамдағанда, дүниенің өзіндік өлшемі оның ұрпағына қалдырған адами істері екндігіне кәміл сенесіз. Мазмұнды толғау, халықтық асыл мұра Жамбылдың шығармашылық өнері мен өнегесіне сапалы үлес қосты.

Жамбыл Жабаев – қазақ поэзиясының қай жанрында жырласа да, өзінің дария диапозонды тынысымен тереңнен тербеп, шалқар шабытымен шымырлап ағатын дария сынды талант иесі. Ақын шығармашылығы парасатқа, философиялық терең ұлттық құндылықтарға өте бай. Халық поэзиясы қандай құнарлы болса, сол қайнардан қанып ішкен оның өлеңдері де сондай нәрлі де нақышты. Оның жырларында замананың телегей-теңіз тынысы, дәуірдің дидары бар. Ақиқаттың ақ алмасындай сөздері елдің ойы мен арманына тұтас үндеседі.

Өлең кірген түсіне
Жөргегінде мен болам, –

деп өзі айтқандай, Жамбыл өмірге өлең болып өрілген далалық мәдениеттің қайталанбас жыршысы. Далалық ой ағысы мен сөз қағысы бағзыдан тартып, баянын айтып, қазақ поэзиясының бастау қайнарларына қайыра назар аудартады. Сүйінбайды пір тұтып:

Менің пірім – Сүйінбай,
Сөз сөйлемен сыйынбай, –

дейді. Бұл – ұстаз бен шәкірт арасындағы ғана ынтымақшыл көзқарас емес, ұрпақтар сабақтастығындағы ұлағатты дәстүр. Ақындық-жыраулық мектептің сындарлы сыйластығы. Не болмаса, өзінің ақындық құдіретін «Жолбарыс киесімен» байланыстырады. Бір сөзбен айтқанда, Жамбыл – мифпен астасқан жұмбақ та киелі тұлға.

Жамбыл Жабаев әлемге бармақ (дактиль) өлең өлшеміндегі мифпен өрімделген дидактикалық-символикалық әдеби әдісінің өзіндік айшығын таныта білді. Әлемге қазақ өлеңінің барша асылын жарқырата танытқан «халық поэзиясының алыбы», «XX ғасырдың Гомері атанған жырау» тар ауқымды кеңестік әдебиеттанушылық зерттеулер аясынан әлі де болса ұзай алмай келеді. Бұлай айтатынымыз, кеңестік кезеңде кемел дарынымен көрінген ақынды одашыл деген одағай ойдың сұлбасы бүгінгі жас ұрпақты жамбылтану процесіне шамшыл сақтықпен қарауға итермелеп келді. Тіпті сөз қадірін білетін, заман тынысын бағамдай алатын, қоғамдық-саяси, мәдени-әлеуметтік мәселелерді өзі бастан кеше отырып түсінетін тұлғалар да оның ақындық болмысына болымсыз пікірлер білдіріп қалып жүр. Қандай ақын болса да, ол – өз заманының өкілі, бірақ оның шығармашылығындағы уақыттық көрініске тән жағдайларды ескере отырып, баға беруде әділдік ауқымынан шығуға болмайды. Жамбылдың ақындық сөз қуатына үстірт баға беру қоғамдық-саяси болмысты жан-жақты бағамдай алмаушылықты көрсетеді.

Бұлай дейтініміз, Жамбыл тек Кеңес үкіметі арқасында әдеби бағы ашылып, әлемге танылған шығармашылық тұлға деген ғылыми-қоғамдық тұжырым үстемдігі. Әлемге танылған Жамбылдың мұрасындағы тақырыптық-танымдық, мифологиялық және неомифологиялық әдеби бағыттардың, ақын мәтіндеріндегі көнеден тамыр тартқан архетиптердің, мифтемелер мен мифтік сарындардың зерделі түрде қарастырылмауы ақын шығармашылығын зерттеуде біржақты фольклорлық сарындар мен ауыз әдебиеті әуендері төңірегін ғана сөз етуге әкеліп соқтырады. Бұдан бөлек, ақынның стилистикалық фигураларды қолдануындағы мифтік айшықтардың өзіндік ерекшеліктері де назардан мүлдем тыс қалуда.

Жамбыл мәтіндеріндегі ауызша процесс үстінде туған басты мәтін мен кейінгі әдеби хатшылар тарапынан сол кездегі саясатқа бейімделіп өңделген мифтік түсініктердің өзгеріске түскендігін жоққа шығаруға болмайды. Белгілі бір шығармашылық тұлғаға қатысты ұлттық әдебиеттанудағы әр дәуірдегі филологиялық ой-пікірлердің жиынтығын зерделеп, жаңа талаптар негізінде зерттеулер жасаудан Жамбыл Жабаев мұрасы да тысқары тұра алмайтыны белгілі құбылыс.

Осы орайда жамбылтануға байланысты қолға алынып, атқарылып жатқан шараларға тоқталып өткен жөн сияқты. Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіндегі Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы негізінен, алғаш рет «Қазақ фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясы деген атпен 2001 жылы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Ғылыми Кеңесінің шешімімен филология және әлем тілдері факультетінде ашылды. Ал 2016 жылдың 25 ақпанында қазақ халқының ұлы ақыны Жамбыл Жабаевтың 170 жылдық мерейтойына орай «Жамбыл ақындық мұрасы және жамбылтанудың өзекті мәселелері» атты халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция өткізілді. Аталған конференцияда филология және әлем тілдері факультетіндегі «Қазақ - фольклористикасы» оқу-зерттеу лабораториясының атын өзгертіп, Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы деп атау жөнінде шешім қабылданды.

Осы қабылданған шешімге орай, Жамбыл атындағы Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы университет қабылдаған ережеге сәйкес, қазақ халық ауыз әдебиеті мен көркем жазба әдебиетінің келелі мәселелерін қазіргі ұлттық методология, әдістеме тұрғысынан жан-жақты зерделеу, таразылау жұмыстарымен шұғылданады. Орталық, сонымен қатар өзге де түркі тілді этностардың фольклорлық мұраларындағы ортақ сюжеттік ерекшеліктер мен айырмашылықтарын бағамдап, салыстыра қарап, оларға тән ортақ заңдылықтарды ашу, дәлелдеу бағытын ұстанады. Әсіресе, ең алдымен, қазақ халық ауыз әдебиетінің барлық жанрларын: мифтер, ертегілер, аңыз-әпсаналар, шешендік сөздер, мақал-мәтелдер, айтыстар, эпостық жырлар (батырлық және лиро-эпостық), тарихи жырлар, т.б. тұтастай қамтылады. Бұл бағытта қазір жүйелі жұмыстар жалғасуда. Жұмыс жүрген сайын оның ауқымы мен мазмұны тереңдеуде.

Сонымен бірге орталық алыс-жақын шет елдердегі қазақ ұлты диаспоралары ортасында ауызша-жазбаша туған көркем әдебиет үлгілеріне де баса назар аударып, ондағы әдеби мәтіндердің пайда болу себептері мен тарихи негіздері, оқиғалық сюжеттері туралы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді де негізгі мақсат-мұрат деп танып отыр. Сондай-ақ отандық қазақ көркем жазба әдебиетінің бұрынғы және бүгінгі поэзиялық, прозалық, драматургиялық шығармаларын тәуелсіздік кезеңіндегі жаңаша ұлттық, мемлекеттік көзқарас тұрғысынан бағалап, сараптайды. Бұл жамбылтану арқылы қазақ әдебиетінің көркемдік-ғылыми деңгейінің өсу процесі мен

зерттелу бағытын одан әрі ғылыми-сараптамалық жағынан дамытуға негіз қалайды. Өйткені Жамбыл мұраларын қазақ әдебиетінің тарихи кезеңдерінен бөліп қарауға болмайды.

Осы бағытта республикамыздағы әдебиетші ғалымдарды және шет елдердегі қазақ фольклоры мен жазбаша көркем сөз өнері бойынша ғылыми жұмыстармен айналысып жүрген ғалымдарды да әдеби ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартып, олармен бірлесе еңбек етіп, дайындалған монографиялар мен әдеби әдістемелік оқу құралдарын оқу орнының «Қазақ университеті» баспасынан шығаруды жолға қоямыз. Сонда бұл жамбылтанудағы кешенді жұмыстардың нақты көрінісі болмақ.

Осындай ғылыми-зерттеу жобалары бар Жамбыл атындағы «Қазақ фольклоры мен әдебиетін ғылыми-зерттеу орталығы» алдағы уақыттарда Қазақстан Республикасындағы және шет елдердегі әдебиеттанушы ғалымдарды қазақ фольклоры мен көркем жазба әдебиеті шығармаларын ғылыми-зерттеу жұмыстарына тартып, жоғары оқу орындарының бакалавр-лары, магистранттары мен докторанттарына арналған монографиялар мен оқу құралдарын жазу, даярлау ісіне және оларды жариялап, насихаттау жұмыстарына жұмылдырып, атқарылған жұмыстың ауқымын кеңейтеді.

Сондай-ақ шетелдік және қазақстандық студенттер арасында «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтарын насихаттау мақсатында Алматы облысының Жамбыл ауданындағы «Жамбыл музейі» ауылында орналасқан Жамбыл, Сүйінбай мұражайларына және Шамалған ауылындағы ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы атындағы «Атамекен» мұражайына ҚазҰУ студенттерімен танымдық-тағылымдық экскурсиялар ұйымдастырылып, көшпелі оқу-семинар сабақтары тұрақты түрде жүргізіліп келеді. Ақпараттық хабарлар ел БАҚ-тарында, «Қазақ университеті» газеттерінде жарияланып, танымдық бағытын арттыра түседі.

Жамбыл орталығы келешекте мынандай әдеби ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруды жобалап отыр және бұл жұмыстардың дені қазір жоспар бойынша жасалып жатыр:

- қазақ фольклоры мен әдебиетін жаңаша зерттеу ісін жүзеге асыру;
- қазақ фольклоры жанрларын ғылыми-инновациялық арнада саралау;
- Абайтану, сүйінбайтану, жамбылтану, т.б. еңбектерін жаңа ізденіс бағытында жариялау;
- халық ақындарының жыраулық-жыршылық дәстүрін зерделеу;
- қазақ, қырғыз, өзбек, т.б. халық ақындары жырларын салыстыра отырып талдау;
- түркі текті халықтар фольклорының ұқсастықтары мен өзгешеліктерін айқындау;
- қазақ халық ақындары айтыс өнерінің ерекшеліктері мен әлеуметтік сипатын саралау;

- қазақ тарихи жырлары, оның өмір шындығына қатысын, әлеуметтік мәнін айқындау;

- шет ел қазақтары ортасында туған фольклор жанрларының сипаты мен өзіндік ерекшеліктерін бағамдау;

- шет елдегі қазақ жазушылары шығармаларының бүгінгі тәуелсіз қазақ әдебиетімен байланысын ұлғайту.

2021 жылдың 24 ақпанында әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде ұлы ақын Жамбыл Жабаевтың туғанына 175 жыл толуына орай «Жамбыл Жабаев мұрасының қазіргі әдебиеттанудағы орны мен маңызы» атты халықаралық онлайн ғылыми-әдістемелік конференция өткізіліп, алыс-жақын шетел ғалымдары қазақ фольклористикасы мен жамбылтануға байланысты құнды ой-пікірлерін ортаға салды.

Жамбылдың жыраулық дәстүрге сай үздік суырып салма төкпе ақындығы, философиялық толғаулары мен тарихи дастандары, Шығыс халықтарына кеңінен таралған дастандар сюжеттерін нәзирагөйлік дәстүрдегі өзіндік нұсқамен жаңғырта жырлауы, мақамды-сазды композиторлық шығармашылығы, жыршы орындаушылық, күйшілік өнері, барлық туындыларының да халықтық сипаты – бәрі де оның адамзат өркениетінің мыңжылдықтар белестеріндегі көрнекті тұлғалармен тектес болмысын айғақтайды.

Фольклортану, әдебиеттану, өнертану салаларындағы зерттеулерде Жамбыл поэзиясындағы лирикалық толғаулар, дастандар жанрлық, көркемдік-стильдік тұрғысында саралана талдануда. Сонымен бірге қазақтың дәстүрлі ауызша авторлық поэзиясындағы жыраулық-ақындық дәстүрді Жамбылдың жаңғырта дамытқан жаңашылдығын, ұлттық және жалпыадамзаттық адамгершілік деңгейіндегі көркем ойлау дүниетанымының философиялық-психологиялық сарындарын бүгінгі күн тұрғысынан бағамдай алуымыз керек. Жамбылдың жыршылық, композиторлық өнері өлеңсөз бен әуез тұтастығындағы ұлттық және әлемдік өнертану заңдылықтары аясында қарастыра түсу – Жамбылтануды жаңа белестерге көтермек.

Жамбылдың жырлары түркі тілдеріне аударылып, туысқан түркі жұртына кеңінен таралғаны мәлім. 1996 жылы ақынның өлеңдері түрік тіліне аударылып, Түркиядағы «Қожа Ахмет Ясауи» қорының қолдауымен жарық көрген болатын. Анадолының жер-жерінде жыл сайын ұлы ақынға арналған еске алу кештері өтіп тұрады. Қазақстанның Түркиядағы Төтенше және Өкілетті Елшісі болып қызмет жасаған кезімде, Жамбыл Жабаевтың ардақты есімін Түркі әлеміне кеңінен таныту тұрғысында жыр алыбының ұстазы Сүйінбай Аронұлының 200 жылдығы Түркияның төрінде тойланып, Сүйінбай Аронұлы атындағы саябақ ашылып, ескерткіші бой көтерді. Кейін тастұғыр жанындағы көшеге Жамбыл есімі берілді.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде бүгінгі бәсекеге қабілетті ұрпағымызды тәрбиелеуде үлкен жауапты міндеттер қолға

алынып отыр. Бұл орайда бабаларымыздың қалдырып кеткен асыл мұраларын сақтау, егемен еліміздің еңсесін нығайту және өркениетті әлемдік қоғамдастықтың талаптарына сапалық жағынан жаңа деңгейге сай келетін жауапкершіліктер орнықтыру – кезек күтпейтін жұмыс. Жырдария жұлдызының әз есімі туған халқына рухани сәулесін түсіре бермек.

Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 35 жылдық салтанатты мерекесімен тұспа-тұс келіп жатқан жыр алыбы Жамбыл Жабаевтың мерейтойы – мемлекеттік деңгейдегі айтулы шара. Ұлы даламыздың аса көрнекті тарихи тұлғасы Жамбыл Жабаевтың жарқын істері болашақ ұрпақтарымен бірге «Мәңгілік Елдің» рухани үндестігі мен дамуы жолында болашаққа жол тарта береді.

Дерек көзі: Жамбылтану. Таңдамалы еңбектер. 3 том. Дастан ата (Жамбыл Жабаев туралы естеліктер). – Алматы: Қазақ университеті, 2021. – 20-24-беттер.